


**«Нұр-Сұлтан қаласының сәулеттік келбетін қалыптастыру  
және қала құрылысын жоспарлау қағидаларын бекіту туралы»  
Нұр-Сұлтан қаласы мәслихаты шешімінің жобасына  
түсіндірме жазба**

№	Жобада көрсетілуі тиіс болған мәліметтердің тізбесі	Әзірлеуші-мемлекеттік органның ақпараты
1.	Құқықтық акт жобасының атауы	Нұр-Сұлтан қаласының сәулеттік келбетін қалыптастыру және қала құрылысын жоспарлау қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар)
2.	Жобаны әзірлеуші	«Нұр-Сұлтан қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» мемлекеттік мекемесі
3.	Құқықтық актіні қабылдау қажеттілігінің нормативтік негіздемесі	<p>«Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 25-бабы 1-тармағының 18-11) тармақшасына сәйкес, ведомстволық астана әкімдіктерінің ведомстволық бағынысты аумақта белгіленген шекара шегінде жүзеге асырылатын сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы құзыретіне астананың сәулеттік келбетін қалыптастыру және қала құрылысын жоспарлау қағидаларын әзірлеу және сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті органға келісу үшін енгізу жатады.</p> <p>Заңның 22-бабы 1-тармағының 6) тармақшасына сәйкес астана мәслихаттарының қала аумағында және қала маңы аймағында жүзеге асырылатын сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы құзыретіне сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті органмен келісілген астананың сәулеттік келбетін</p>

		қалыптастыру және қала құрылысын жоспарлау қағидаларын бекіту кіреді
4.	Жобаны іске асырумен байланысты болжалды қаржылай шығындар	Жоқ
5.	Жобаны қабылдаған жағдайда нақты мақсаттар мен күтілетін нәтижелердің мерзімдері, енгізілетін ұсыныстардың тиімділігі	<p>Қағидалар Нұр-Сұлтан қаласының аумағын кеңістікте және көзбен шолып ұйымдастыруға, Тарихи, ландшафтық-табиғи, функционалдық және өзге де жергілікті ерекшеліктерді ескере отырып, ғимараттар мен құрылыстарды пайдалануға қойылатын Жеке сәулет және қала құрылысы талаптарын белгілейтін жергілікті маңызы бар нормативтік-құқықтық акт болып табылады.</p> <p>Қағидаларды әзірлеу мақсаты астана аумағының орнықты даму процесін теңгерімді және құқықтық реттеу, қала тұрғындарының қазіргі заманғы қажеттіліктеріне сәйкес келетін сапалы қалалық ортаны құру мен дамытуға кешенді тәсілді қалыптастыру, қаланың бүкіл аумағын жүйелі және орнықты дамыту процесінің сәулет және қала құрылысы құралдарымен қамтамасыз ету, аумақты тиімді, ұтымды және қауіпсіз пайдалануға, күтіп - ұстауға және эстетикалық ресімдеуге қойылатын талаптарды белгілеу болып табылады ғимараттар мен құрылыстар, қала ортасын ізгілендіру және сәулет және қала құрылысын жоспарлаудың, қала аумағын дамытудың үздік халықаралық практикасын енгізу.</p>
6.	Жобада көрсетілген мәселелер құзыретіне кіретін мемлекеттік	Барлық визалар бар

	орган басшысы қолының болмау себебі	
7.	Жобада көзделген мәселелер бойынша бұрын қабылданған нормативтік-құқықтық актілер және оны әзірлеуші қалай орындағандығы туралы мәлімет	Қабылданбаған
8.	Бұдан бұрын қолданыстағы нормативтік-құқықтық және басқару актілеріне өзгерістер, толықтырулар енгізілген бе	Енгізілмеген
9.	Бұл акті әділет департаментінде тіркелуге жата ма	Тіркеуге жатады
10.	Бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау туралы мәліметтер	Жариялануға жатады

**«Нұр-Сұлтан қаласының  
Сәулет, қала құрылысы және  
жер қатынастары басқармасы»  
мемлекеттік мекемесінің басшысы**



**Н. Ұранхаев**